ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Д.СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді 2025 жылдың 10-11 сәуірінде профессор Жеңіс Оразханұлы Құлсейітовтың 80 жылдығына арналған «Жастар шығармашылығы – Қазақстанның инновациялық дамуына» атты студенттердің, магистранттар, докторанттар мен жас ғалымдардың XI Халықаралық ғылыми-техникалық конференциясы қатысуға шақырамыз.

Конференцияға қатысуға студенттер, магистранттар, докторанттар мен жас ғалымдар, сондай-ақ қарастырылып отырған мәселелерге қызығушылық танытатын барлық адамдар шақырылады.

Конференция жұмысы келесі секциялар бойынша ұйымдастырылады:

1. Жасанды интеллектің дамуының заманауи инженерияға әсері;
2. Құрылыс және сәулет саласындағы жасанды интеллект;
3. Энергетикада жасанды интеллектті қолданудың жаңа мүмкіндіктері;
4. Жасанды интеллект технологияларының даму перспективалары мен тенденциялары;
5. Жер туралы ғылымдардағы жасанды интеллект: қазіргі жағдайы және даму тенденциялары;
6. Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру және жасанды интеллектті енгізу контекстіндегі қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелері;
7. Тілдер, дене шынықтыру, спорт және әскери ғылымды дамытудағы өзекті үрдістер.

Конференцияның жұмыс тілдері: **қазақ, орыс, ағылшын.**
Конференцияның негізгі күндері:

- конференцияға қатысушыларды тіркеу – **2025 жылдың 10 ақпанынан бастап;**
- конференция материалдарын қабылдау – **2025 жылдың 10 ақпанынан бастап;**
- конференция материалдарын қабылдаудың соңғы мерзімі – **2025 жылдың 10 наурызына дейін;**
- ұйымдастыру **жарнасын** төлеу – **2025 жылдың 31 наурызына дейін;**
- конференцияны өткізу – **2025 жылдың 10,11 сәуір аралығы.**

МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰСЫНУ ШАРТТАРЫ МЕН ТАЛАПТАРЫ

Өтінім мен баяндама материалдары ұйымдастыру комитетіне 2025 жылғы 10 наурыздан кешіктірілмей келіп түсуге тиіс. Көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған

немесе төменде көрсетілген талаптарға сай келмейтін материалдар қаралмайды және кері қайтарылмайды. Сіздің мәтініңіз түпнұсқа болып табылады және редакциялауға жатпайды.

Баяндамаңызды конференция бағдарламасына қосу үшін келесі талаптар орындалуы қажет:

1) конференцияға қатысуға өтінім және автордың/ жетекшінің аты-жөні көрестілген баяндаманың атауын конференция сайтына жолдау. Тіркелу сілтемесі: https://sites.google.com/edu.ektu.kz/studconf2025
2) мақала конференция талаптарына сәйкес ресімделуі қажет;
3) мақала редакциялық алқа тексерісінен өткеннен кейін және оны конференция материалдары жинағында жариялау үшін ақы төленуге міндетті.

Конференцияның барлық қатысушылары үшін ұйымдастыру жарнасы - **2500 теңге**. Ұйымдастыру жарнасын мына қосымшалар арқылы төлеуге болады: Kaspi Bank қосымшасы, Fortebank.

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ, 070010, Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 19. ИИК KZ309650000000280961 БИН 010440002379, РНН 181800000624, код (КБе) 16 АО "Fortebank" БИК IRTYKZKA Аударма түрі: Конференция жинағында мақаланы жариялау

Мақалаларға қойылатын талаптар

1) *Мақала тілі*: қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде жазылған және автордың (авторлардың) бұрын жарияланбаған мақалалары қабылданады.
2) *Мақала көлемі*: әдебиеттер тізімін қоса алғанда, А4 форматындағы 5 толық бет.
3) *Мақала материалдары* автор жүргізген жұмыстың сипаты, мазмұны мен нәтижелері туралы нақты түсінік беруге тиіс.
4) *Файлдардың атауы және форматы:*

- Мақала файлы MS Word мәтіндік редакторы форматында болуы керек;
- Мақаланың электрондық нұсқасының атауында, мақалада бірінші көрсетілген автордың тегі және секция нөмірі болуы тиіс;
- Өтінімнің электрондық нұсқасының атауы: "Автордың тегі - өтінім";
- Мақаланың электрондық нұсқасы және өтінімнің электрондық нұсқасы екі түрлі файлда болуы керек. БІР ФАЙЛДАҒЫ МАҚАЛА МЕН ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ;
- Мысал: мақала файлы - "Қалиев-с1"; өтінім файлы – "Қалиев-з1".

Мақаланы рәсімдеу

1) **ӘӨЖ**: жоғарғы сол жақ бұрышқа ӘӨЖ индексі қойылады (Times New Roman 14).
2) **Авторлар**: төменде қарапайым қаріппен шегініссіз бір бір интервалдан кейін автордың (лардың) тегі, аты-жөні; *студент үшін:* тобы мен білім беру мекемесінің атауы, *ПОҚ үшін*: дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, ұйымның толық атауы көрсетіледі.
3) **Мақала атауы**: Төменде бір шегініссіз бір интервалдан кейін мақаланың толық атауы бас әріптермен, ортасында тураланған кәдімгі қаріппен көрсетіледі және тақырыптың соңындағы нүкте қойылмайды.

4) **Андатпа**: төменде шегініспен бір бір интервалдан кейін мақала тілінде 8-10 жолға 70-90 сөзден тұратын қысқаша түйіндеме жазылады.

5) **Түйін сөздер**: төменде үтірмен шегініспен бір интервал арқылы 5-7 түйін сөз жазылады.

6) **Мақаланың негізгі мәтіні**:

- Қаріп: өлшемі – 14; түрі-TimesNewRoman;
- Абзац: шегініс – 1.25, жоларалық интервал-1, ені бойынша туралау; бет параметрлері: жоғарғы өріс 25 мм, қалғандары-20 мм.
- Беттер нөмірленбейді, аударымдар қойылмайды.
- Мақала суреттері: мәтін бойынша сілтемеден кейін беттің ортасында орналасуы қажет; формат – Microsoft Word редакторы қолдайтын кез келген; жоғарғы және төменгі жағында – бос жол болуы қажет. Суреттің атауы - сурет нөмірінен кейін сызба астындағы қолтаңбадан жол арқылы (1 - сурет -...). Суреттің атауынан кейін нүкте қойылмайды.
- Мақала кестелері: оған сілтеме жасағаннан кейін беттің ортасында орналасуы қажет. Кестеден кейін-бос жол болуы қажет. Кестенің атауы-кестенің үстінде, кесте нөмірінен кейін 1,25 см абзац шегінісінен (1-кесте -...). Қаріп: Times New Roman, кегль – 12, кіші әріп, ені бойынша жазылуы тиіс. Кестенің атауы мәтіннен жоғарыдан бос жолмен бөлінеді. Кесте атауынан кейін нүкте қойылмайды.

7) **Әдебиеттер тізімі** мақаланың соңында "Әдебиеттер тізімі" деп аталатын мәтіндегі дереккөзді пайдалану тәртібімен ресімделеді. Мәтінде әдебиеттерге сілтемелер дереккөз нөмірі көрсетілген төртбұрышты жақшалармен және үтір арқылы – бет нөмірлерімен көрсетіледі: [6, Б. 114]. Әдебиеттерге сілтемелер төртбұрышты жақшада беріледі МемСт 7.5-98 "Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдарды баспа ресімдеу" сәйкес, мақалалық библиографиялық тізімдерде МемСт 7.1-2003 "Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама сәйкес. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері " [2, п. 5].

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ МЫСАЛЫ

ӘӨЖ 628.971.8

Кеңесов Ә. (23-УДТ-3, ШҚТУ), Уазырханова Г.К. (PhD, қауымд. профессор, ШҚТУ)

VLC ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ

Андатпа. 8-10 жол, 70-90 сөз
Түйін сөздер: 5-7 түйін сөз.

Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін [1, с. 125]. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін [2, с. 132].

Әдебиеттер тізімі:

1. Власов А. И., Филин С. С., Кривошеин А. И. Концепция универсального интеллектуального смарт-автомата // Пром-Инжиниринг. – 2024. – № 5. – С. 113-158.
2. Боровков А. И., Бурдаков С. Ф., Клявин О. И. Компьютерный инжиниринг. – СПб.: Издательство политехнического университета, – 2025. – 203 с.

1-Қосымша

ӨТІНІМ ФОРМАСЫ

Автордың тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлікке сәйкес)	
Баяндаманың тақырыбы	
Секцияның атауы	
Жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты	
Ғылыми дәрежесі, атағы	
Автордың лауазымы, ұйым атауы,	
Жетекшінің лауазымы, ұйымның атауы,	
Автордың мекенжайы (қала коды көрсетілген пошталық мекенжай)	
Жетекшінің мекенжайы (қала коды көрсетілген пошталық мекенжай)	
Байланыс телефоны	
e-mail	
Қатысу формасы:	
1. Секцияларда ауызша баяндама жасау;	
2. Баяндаманы жинаққа онлайн режимінде жариялау.	

Ұйымдастыру комитеті